

«Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру шеңберінде және Халықаралық отбасы күніне арналған **«Білімді ұлт – сапалы оқыту мен отбасы құндылығы»** тақырыбында жалпыұлттық ата-аналар жиналысы

Хаттама № 3

Өтетін күні: 15 мамыр 2018 жылы
Уақыты: сағат 18:30
Өтетін жері: №6 ХГ мәжіліс залы.
Қатысушылар саны-221

Күн тәртібінде:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру – тәрбие негізі-Мукашева Г.О.
- 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау-Жаржанова Ж.Қ.
- Оқу жылының қорытындылары, оқушылардың білім сапасы- Жаржанова Ж.Қ.
- Мектептегі қамқоршылық кеңестің қызметі- Мукашева Г.О.
- Отбасы құндылықтарын насихаттау және отбасы мен мектептің өзара байланысы- Райымкулова Г;
- Оқу процесін цифрландыру- Мукашева Г.О.
- Сұрақтар мен жауаптар.

Қаралды:

Бірінші мәселе бойынша гимназия директоры-Мукашева Г.О.:

2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасы «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып, жарлық қабылданды. Елбасы «Туған жер» бағдарламасының мән-мағынасын, мазмұнын, мақсатын түсіндіре келе, жалпы білім беру саласында өлетану жұмыстарының жүргізілуіне ерекше назар аудару қажеттігін айтты. «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының мақсаты - біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, күшті, шығармашылық, патриот және белсенді тұлғасын қалыптастыру, жетістікті болашақтың іргетасы тәрбие мен білім беру салты болып табылады. /Рөлік көрсетіледі/

2017 жылы 890 022 адамды қамти отырып, 11 республикалық және 308 өңірлік іс-шара іске асырылды.

«ОТАНЫМ – ТАҒДЫРЫМ» базалық бағыты. Мақсаты: шынайы прагматимз синергиясында және біртұтас ұлы ұлтқа тәнділік сезімі бар білім беру ұрпында тәрбиеленген жеке тұлға қалыптастыру.

«ӨЛКЕТАНУ» базалық бағыты. Мақсаты: Қазақстанның игілігіне арналған істерге қатысуға дайын өзінің кішкентай отанының тарихына, мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне деген құрмет пен белсенді азаматтық позициясы бар патриот тәрбиелеу.

«САНАЛЫ АЗАМАТ» базалық бағыты. Мақсаты: бүкіл өмір бойы білім алуға, қоршаған әлемнің сын-тегеурінін қабылдауға және өзінің өмір сүру сапасына қанағаттануға дайын жалпы адами құндылықтар және бәсекеге қабілеттілік негізінде белсенді өмірлік стратегиясы бар әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ететін жағдайларды жасау.

«ӨЛКЕТАНУ» базалық бағыты бойынша білім алушылар ауданымыздағы Адарлыаша, азбартас, Ойсылқара тарихи жерлеріне, Түркістан қаласындағы тарихи жерлерге экскурсияға барды. жазғы демалыс кезінде осы жұмыстар жалғасын таппақ.

Екінші, үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жаржанова Ж.Қ.:

Ата-аналарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің

білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларымен таныстырды.

2017-2018 оқу жылы бойынша:

Гимназия бойынша білім алушы саны- 629.

1- сыныпта -73 білім алушы

Оқу озаты- 242

Оқу екпіндісі- 244

Білім сапасы- 77,3%

*/ҰБТ бойынша ролик көрсетілді/*ҰБТ бойынша үш жылдық салыстырма көрсеткіш, ОЖСБ қорытындысына талдама, негізгі орта білім беру курсы бітіруші кластың емтихан кестесімен таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша –Мукашева Г.О:

Ата-аналарды «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығының жаңа редакциясымен таныстыру. ҚР БҒМ 2018 жылғы 8 ақпандағы № 43 бұйрығымен толықтырулармен таныстырып, ата-аналарды 2017-2018 оқу жылындағы мектептің Қамқоршылық кеңесінің қызметімен таныстырды. */Аталған тақырып бойынша бейне роликтерді көрсетілді/* Сонымен қатар қамқоршылық кеңестің жүргізген жұмыстарына тоқталды.

Бесінші мәселе бойынша психолог Райымкулова Г:

Отбасылық дәстүрлердің қайта өркендеуі - жалпыұлттық идея. Отбасы - баланың жеке тұлғасын әлеуметтендірудің алғашқы институты, оның үлкен ересек әлеміне кіруі бойынша алғашқы қадамы. Бүгінгі таңда оң отбасылық дәстүрлерді қайта өркендету, отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесімен алмасу ҚР тәрбие жүйесінің маңызды міндеті болып табылады. Отбасылық құндылықтарға тоқталды. */Бейне материал көрсетілді/*

Алтыншы мәселе бойынша Мукашева Г.О:

/Аталған тақырып бойынша бейне роликтерді көрсетілді/. Оқу-тәрбиелік процесті цифрландыру, робот техникасы кабинеті мен үйірмелерін ашу бойынша мектеп жоспарларымен таныстырылып, «Білім Lend» және «Күнделік» туралы айтылды. Мектебімізде робот техника үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірмеде 30 бала (5а,ә,б) үш топ құрылған. 2018-2019 оқу жылында ІТ-класс (7а,ә кластан) ашамыз яғни ол үшін облыстық бюджеттен бізге 3,420 теңге кабинетін алып беріп жатыр. Бүгінгі таңға біз екі мұғалімді оқытып алдық. Және де екі кабинет жабдықталды. Бүгінгі үйірменің жетекшісі КЕГЕЛЬ олимпиадасына қатысып «Белсенді қатысқаны» үшін марапатталды. Ақтөбе дарын орталығының ұйымдастыруымен ғылыми жоб қорғап ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. КҒА бойынша облыстан 2-орын, республикалық байқауда 2 орын иеленді. Сонымен қатар алдағы оқу жылында мектепке турнир ,яғни мектепке баланың кіруі , шығуы бақыланады чат арқылы./егов/

Сұрақтар мен жауаптар бөлімінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрақтар қойылып талқылады.

Шешім қабылданды:

1. Мектептің білім беру жүйесінің жетістіктерін арттыруға ата-ана мен педагогтердің біріккен күші нығайтылсын;

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бағытындағы жұмыстарға ата-аналардың үлес қосу істері жалғастырылсын;
3. 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ға дайындығына ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын;
4. Мектептегі қамқоршылық кеңестің қызметі және отбасы мен мектептің өзара іс-қимылын күшейту жұмыстары жалғастырылсын;
5. Ата-аналарға «Күнделік kz» электронды оқыту жүйесі арқылы мектеппен жүйелі байланыста болу, бала үлгерімін бақылап отыру міндеттелсін;
6. Жазғы демалыс кезіндегі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін ескере отырып, бос уақыттарын тиімді ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:

Мукашева Г.О

Хатшы:

Сәрсембаева А.Н